

Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 2/328 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 322 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" қаулысын жүзеге асыру жөнінде" қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 11 наурыздағы N 2/342 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2007 жылғы 27 наурызда N 742 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 2/328 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 322 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" қаулысын жүзеге асыру жөнінде» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 29 сәуірде реттік N 594 тіркелген, "Вечерний Алматы" газетінің 2004 жылғы 27 мамырда N 100-102 және "Алматы ақшамы" газетінің 2004 жылғы 20 мамырда N 56 жарияланған, қаулысына Алматы қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 1/09 "Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 2/328 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 322 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" қаулысын жүзеге асыру жөнінде" қаулысына өзгерту енгізілген" қаулысымен Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 24 қаңтарда реттік N 639 тіркелген, "Вечерний Алматы" газетінің 2005 жылғы 8 қаңтарда N 25 және "Алматы ақшамы" газетінің 2005 жылғы 8 қаңтарда N 15 жарияланған) қаулысына келесі өзгертулер енгізілсін:

"еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау" сөздері «жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" сөздерімен ауыстырылсын;

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 2009.12.31 N 5/838 қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бүкеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі *И.Тасмағамбетов*

Әкімдік хатшысы *К.Тәжиева*

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 1 н а у р ы з д а ғ ы

№ 2/342 қаулысына қосымша

**А л м а т ы қ а л а с ы н а ш е т е л ж ұ м ы с
к ү ш і н т а р т у ғ а р ұ қ с а т б е р у ж ө н і н д е г і
Комиссия құрамы**

Нұрланов Амангелді Жұмаханұлы	Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің директоры, Комиссия төрағасы
Курасова Анастасия Михайловна	Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті директорының орынбасары, Комиссия төрағасының орынбасары
Қауменов Бақтығали Мұханбетқалиұлы	Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің еңбек нарығы, жұмыспен қамту бағдарламасы және лицензия бөлімінің бас маманы, Комиссия хатшысы
Комиссия мүшелері:	
Новицкая Наталья Дмитриевна	Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар Департаменті еңбек нарығы, жұмыспен қамту бағдарламасы және лицензия бөлімінің бастығы
Дүйсембекова Әлия Сүлейманқұлқызы	Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің шаруашылық қызметті лицензиялау бөлімінің бастығы
Азтаев Бахытжан Әріпханұлы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің директоры (келісім бойынша)
Бүтіншінов Асхат Келісханұлы	Алматы қалалық Ішкі істер Бас басқармасының Көші-қон полициясы басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Іңкербаев Жайдар Дабырұлы	Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің Салықтық әкімшілік шараларын қолдану басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Мұрынова Жаннат Шарапханқызы	Көші-қон комитетінің Алматы қаласы бойынша басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Нәубетов Алмаз Аронұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің 2-Басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)